

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-197	
Силлабус	12 беттің 1 беті	

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ
жанындағы медицина колледжі**

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

СИЛЛАБУС

Пән коды: ӘЭП 01

Пәні: «Философия және мәдениеттану негіздері»

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 5AB09130101 «Мейіргер ісіндегі қолданбалы бакалавр» 3,6

Оқу сағатының/кредит көлемі: 24/1

Теория: 24 с.

Курсы: 2

Оқу семестрі: 4

Бақылау түрі: с. сынақ

Шымкент, 2024 ж.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН

MEDISINA
AKADEMIASY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

MEDICAL
ACADEMY

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-197
Силлабус	12 беттің 2 беті

«Философия және мәдениеттану негіздері» пәні бойынша силлабус жұмыс оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.


Оқытушы: К.Б. Ахтаева

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 5AB09130101 «Мейіргер ісіндегі қолданбалы бакалавр» 3,6

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «27» 08 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі:  А.Т. Сатаев

«Жалпы білім беретін пәндер» Пәндік циклдік комиссия мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «28» 08 2024 ж.

Төрайымы:  Г.Т. Анапияева

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжінің Әдістемелік Кеңесінде қаралды және бекітілді.

Хаттама № 1 «28» 08 2024 ж.

Төрайымы:  Г.С. Рахманова

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-197
Силлабус	12 беттің 3 беті

Оқытушылар туралы мәлімет:

№	Аты-жөні	Дәрежесі және лауазымы	Қызметі	Жүргізетін пәні	Эл.мекен-жайы
1	Тилепбаева А.К.		оқытушы	Философия және мәдениеттану негіздері	aijamalaia@mail.ru
2	Ахтаева К.Б.		оқытушы	Философия және мәдениеттану негіздері	Aktaevaklara44@gmail.com

3.1. Кіріспе.

Оқу пәнінің объектісі мәдени-тарихи дамуында және қазіргі жай-күйінде алынған рухани өндірістің ерекше формасы ретінде философия болып табылады. Оқып-үйрену объектісінің құрамына дүниежүзілік және отандық философияның ішкі бірлігіне алынған негізгі бағыттары мен мәселелері кіреді.

Философия- бұл адам болысының іргелі принциптері мен негіздері туралы, адамның табиғатқа, қоғамға және барлық негізгі көріністерінде алынғандығы рухани өмірге қарым-қатынасының ең жалпы мәнді сипаттары туралы білімдер жүйесін қаузайттын дүниені танудың айрықша формасы.

3.2. Пәннің саясаты:

Білім алушыларға қойылатын талаптар:

- себепсіз сабақтарды жібермеу;
- сырт келбеті жинақы, ұқыпты;
- жоғарғы оқу орнында бекітілген жалпыға міндетті форманы сақтау;
- тәжірибелік сабақтарда белсенділік көрсету;
- сабақтарға дайындықпен келу ;
- сабақтарға кешікпеу;
- сабақ кезінде әдептілік атмосфера сақтау;
- кафедра мүлкін ұқыпты пайдалану;

Білім алушылардың өзіндік жұмыстары (рефераттар, баяндамалар) плагиатқа тексерілуі міндетті.

Себепсіз жіберілген сабақтар өтелмейді. Өртүрлі себептермен (денсаулыққа байланысты, жанұя жағдайы, басқа да себептермен) жіберілген жағдайда, анықтама құжаттарының негізінде деканаттың рұқсатымен өтеледі. Өтем сабаққа берілген рұқсат парағы 30 күн жарамды.

3.3. Пәннің мақсаты:

Мақсаты білім алушытердің философияны дүниені танып-білудің ерекше формасы ретінде түсінуін қалыптастырып, олардың келешек кәсіби қызметтері аясында оның негізгі тараулары, мәселелері мен әдістері туралы тұтас білім беру. Қазіргі Қазақстанның үшінші жаңғырудағы философияның рөлі

3.4. Оқытудың міндеттері:

- білім алушылардың қоғамдық сананы жаңартудағы және қазіргі заманның жаһандық міндеттерін шешудегі философияның рөлін түсіну аясында білім алушылардың философиялық-көзқарастық және әдістемелік мәдениет негіздерін игеруі;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-197
Силлабус	12 беттің 4 беті

- білім алушытердің бойында философиялық рефлексияны, өзін-өзі сараптау және адамгершіліктік өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру;
- ғылыми зерттеу қабілеттерін дамыту, интеллектуалдық және шығармашылық әлеует қалыптастыру;

3.5. Оқытудың соңғы нәтижелері:

- 1) философияның тарихи дамуы негізінде онтология мен метафизиканың негізгі мазмұнын сипаттау;
- 2) нақты дүниені философиялық зерделеудің ерекшелігін түсіндіру;
- 3) дүниеге көзқарасты табиғи және әлеуметтік әлемді философиялық зерделеу мен зерттеудің нәтижесі ретінде негіздеу;
- 4) дүниені танып-білудің ғылыми және философиялық әдістерін жіктеу;
- 5) мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның ерекшеліктері мен мазмұнына түсініктеме жасау;
- 6) негізгі дүниетанымдық ұғымдардың мағынасы мен рөлін адамның қазіргі әлемдегі жеке және әлеуметтік болмысының құндылықтары ретінде негіздеу;
- 7) медиамәтіндер, әлеуметтік-мәдени және жекетұлғалық жағдайлардың философиялық қырларына этикалық шешімдерді қабылдау және негіздеу үшін талдау жасау;
- 8) қазіргі жаһандық қоғамның өзекті мәселелеріне қатысты өзінің адами ұстанымын қалыптастыру және сауатты дәйектеу;
- 9) кәсіби саладағы мәселелердің философиялық мазмұнын анықтау үшін өзекті болып саналатын зерттеу жүргізіп, оның нәтижелерін талқылауға ұсыну.

3.6. Реквизитке дейінгі: Қазақстан тарихы

3.7. Реквизиттен кейінгі: Психология негіздері және коммуникативті дағдылар

3.8. Пәннің қысқаша мазмұны:

Философияның пайда болуы және дамуы. Дүниені философиялық түсінудің негіздері. Болмыс. Онтология және метафизика Таным және шығармашылық. Білім, ғылым, техника және технологиялар. Адам философиясы және құндылықтар әлемі. Өмір және өлім. Өмірдің мәні. Этика. Құндылықтар философиясы. Еркіндік философиясы. Өнер философиясы. Қоғам және мәдениет. Тарих философиясы. Дін философиясы. «Мәңгілік Ел» және «Рухани жаңғыру» – жаңа Қазақстан философиясы

3.9. Тақырыптық жоспары:

№	Тақырыптар атауы	Мазмұны	Сағат саны
1.	Философия пәні, мақсаты және қызметтері. Ежелгі дүние философиясы. Қазақтардың алдыңғы философиясы.	Философия, оның пәні мен функциясы. Дүниетанымның тарихи типтері. Философияның қызметтері мен құрылымы. Мәдени-тарихи контекстегі философия. Ежелгі дүниенің алғыфилософиядағы негізгі дүниетанымдық идеялар. Қазақтардың философиялық дүниетанымның қалыптасу алғышарттары. Протоқазақтардың дәстүрлі сенімдері. Көшпелі өмір салтының негізгі сипаттамалары: табиғатпен біртұтастық, үздіксіз жаңару мен қозғалысқа ұмтылыс. Қазақтардың философиялық дүниетанымның негізгі категориялары:	2

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-197
Силлабус	12 беттің 5 беті

		«дүние», «өмір», «өлім», «араласу», «намыс», «парыз», «канағат», «жақсылық», «жамандық», «бақыт», «кісілік», «ізгілік».	
2.	Ежелгі Шығыс философиясы. Антика философиясы. Орта ғасырлық Шығыс және Батыс философиясы.	Ежелгі Үнді және Қытай философиялық мектептері. Антикалық философиялық ойдың ерекшелігі. Антикалық философияның гуманистік, классикалық, римдік кезеңдері. Ортағасырлық батыс европалық философияның негізгі идеялары мен проблемалары, патристика және схоластика. Универсалийлер туралы пікірталас: реализм және номинализм. Ортағасыр араб-мұсылмандық философиясының пайда болуының тарихи алғышарттары. Екіұдайы туралы ақиқат теориясы.	2
3.	Қайта өркендеу дәуірі философиясы.	Қайта Өркендеу дәуірі философиясының қалыптасуының әлеуметтік-экономикалық алғы шарттары. Қайта Өркендеу дәуірінің философиялық идеялары. Қайта Өркендеу дәуірінің жаңаша ойлау әдістерінің қалыптасуы.	2
4.	Жаңа дәуірі философиясы. 18 ғасырдағы Европаның ағартушылық философиясы. Классикалық неміс философиясы.	Эмпиризм және реализм. Философия және әлеуметтік утопия. Н. Макиавеллидің саяси философиясы. М. Лютердің философиясы. Жаңа дәуір және XVIII ғасырдағы европалық Ағартушылық философиясының құрылуының негізгі алғышарттары. Жаңа дәуір және европалық Ағартушылық философиясының әлеуметтік-саяси көзқарастары. Классикалық неміс философиясының қалыптасуының негізгі алғышарттары. Классикалық неміс философиясының негізгі ерекшеліктері. Канттың субъективті философиясы. Гегель философиясындағы объективті идеализм. Гегель жүйесі және философиясы. Л.Фейрбахтың антропологиялық материализмі.	2
5.	Қазақ философиясы.	Қазақ халық шығармашылығындағы дүниетанымдық ізденістер. Ақындардың, жыраулардың шығармашылығындағы философиялық аспектілері. Қазақ эиялыларының шығармашылығындағы негізгі философиялық ізденістер.	2

6.	Болмыс, материя, сана ұғымдары. Танымның мүмкіндіктері мен шекаралары. Ғылыми таным ерекшеліктері.	Болмыстың категориялары, оның мағынасы мен ерекшеліктері, формалары. Материяның ғылыми-философиялық ұғымының қалыптасуы. Онтологияның негізгі түрлері. Болмыс және бейболмыс мәселесі. Танымның құрылымы: түрлері, деңгейлері, формалары. Ақиқат пен адасудың критерилері. Ғылыми таным және ғылымның рөлі. Философиядағы ақиқат түсінігі. Білім мен сенім. Ғылыми танымның құрылымы, әдісі мен формалары.	1
	№1 Аралық бақылау.	1-6 Тақырыптар бойынша тест тапсырмалары, жазбаша түрде бақылау жұмысы.	1
7.	Қазіргі заманың жаһандық мәселелерін философиялық пайымдау.	Ғаламдану-қоғамдық құбылыс ретінде. Экологиялық апат қаупі. Жаһандану мен антижаһандану. Глобалдық сананың қалыптасу мәселесі.	2
8.	Мәдениет түсінігі және оның мәні. Мәдениеттің тілі. Мәдениеттің кеңістігі және формалары.	Мәдениет түсінігінің қалыптасу тарихы. Мәдениет мәнін анықтаудың алуантүрлілігі. Мәдениеттің функциялары. Мәдениеттің құрылымы. Мәдениет және өркениет. Мәдениет таңбалар мен белгілер әлемі ретінде. Сөздік-белгілік жүйелер – табиғи тілдер. Қазақ тілі және оның тұлғаның мәдени-этникалық бірегейленуіндегі рөлі. Мәдени код. Қазақстан мәдениетінің негізгі рәміздері. Мәдениеттің кеңістігі. Мәдени формалар. Мәдениеттің түрлері: миф, өнер, дін, мораль, философия, құқық, саясат, ғылым, техника. Іс-әрекеттің мәдени сценарийлері.	2
9.	Қазақстан номадтарының мәдениеті.	Ежелгі Қазақстанның аумағындағы архаикалық мәдениет: материалдық мәдениет ескерткіштері. Номадизм мәдениет типі ретінде. Қазақстан аумағындағы ежелгі тайпалардың мәдениеті: салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, діни наным-сенімдер.	2
10.	Орталық Азияның ортағасырлық мәдениеті.	Ертетүркілік өркениет және оның ерекшеліктері. Жібек жолы: Қазақстан Шығыс пен Батысты байланыстырушы буын ретінде. Ортағасырлық кезеңдегі түркі мәдениеті. Сопылық Ренессанс. Моңғол шапқыншылығы мәдени апат ретінде. Алтын Орда кезеңіндегі мәдениет. Темір әулеті кезеңіндегі мәдениет.	2

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-197
Силлабус	12 беттің 7 беті

11.	ХҮ-ХІХ ғғ. қазақ мәдениеті.	Қазақ мәдениетінің қалыптасуы. Қазақтардың эпостық мәдениеті. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің этикалық құндылықтары. Дәстүрлі дүниетанымның дағдарысы. Қазақ Ағартушылығы феномені. Сакральды қазақ мәдениеті. ХҮІІІ-ХІХғғ. Қазақ философиясының негізгі жетістіктері.	2
12.	XX-XXI ғғ. Қазақ мәдениеті. Қазақстанның мәдени саясаты.	Кеңес дәуіріндегі қазақ мәдениеті. XX ғ. қазақ өнерінің дамуы: бейнелеу өнері, мүсін, архитектура, опера, балет, музыка, драматургия. Этноаймақтық мәдениеттердің жаһандануы және өзіндік бірегейлік мәселесі. Қазіргі қазақ мәдениетіндегі рухани салт-дәстүрлер және инновациялық үдерістер. Қазіргі жағдайдағы қала мәдениетінің дамуы. Мәдени саясаттың принциптері: «ҚР мәдениет туралы Заңы», «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы мәдени саясаттың сферасы ретінде. Қазақстандағы гендерлік саясат. Қазақстандық мәдениеттің 100 есімі	1
	№2 Аралық бақылау.	7-12 Тақырыптар бойынша тест тапсырмалары, жазбаша түрде бақылау жұмысы.	1
	Барлығы:		24

3.10.Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Темиргалиев К. А. Философия : учебное пособие для медицинских вузов и колледжей / К. А. Темиргалиев, А. Х. Жоломанова. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 210 с
2. Ғарифолла Есім Қазақ философиясының тарихы Алматы, 2016г
3. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015
4. Темиргалиев, Қ. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темиргалиев, А. Т. Бәкірова. - М. : ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с
5. Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / - Алматы : Эверо, 2016. - 140 бет. с.
6. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015
7. Турысжанова, Р. К. Основы философии: учеб. пособие для білім алушыов вузов / Караганда : ТОО "Medet Group", 2014. - 25
8. Джонстон Д. «Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін». Ғылыми Астана, 2018.– 216 б.
9. Хесс Р. «Философияның таңдаулы 25 кітабы». Ғылыми ред. Раев Д.С. – Астана, 2018.–360 с.
10. Кенни Э. «Батыс философиясының жаңа тарихы. 1-том: Антика философиясы» / ғылыми редактор Молдабеков Ж. Ж. – Астана, 2018. – 408
11. Темиргалиев, Қ. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темиргалиев, А. Т. Бәкірова. - М. : ГЭОТАР – Медиа 2016 ж.
12. Алтаев Ж. А. Ғылым тарихы мен философиясы: оқулық . 2011. - 468 бет.
13. Кішібеков Д. Философия: оқулық . 2010. - 360 бет.

Қосымша:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-197
Силлабус	12 беттің 8 беті

1. Сегизбаев О.А. «Қазақ философиясының тарихы». /перевод. Нурышевой Г.Ж., М.Сабит, 2017.
2. Бегалинова К.К., Альжанова У.К. «Философия». Часть 1,2. –Алматы: Жібек жолы, 2014.
- 3.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том.Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.С.А.Аяпбекова,Н.Т.Базарбай,А.Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].
- 4.Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз.тіл.ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с. : (Рухани жаңғыру).
- 5.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том.Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.С.А.Аяпбекова,Н.Т.Базарбай,А.Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].
- 6.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 2-том,Орта ғасыр философиясы = Medieval Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.А.Алдабердіқызы,Ш.Ш.Әлменова,Д.М.Қалиев. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 400 б. с. : (Рухани жаңғыру).
- 7.Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы : 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world : монография / Э. Кенни ; Қаз. тіл ауд. А. Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 412 б. с. : Рухани жаңғыру
- 8.Қазақбаева, Ж. Р. Философия негіздері: оқу-әдістемелік құралы / Ж. Р. Қазақбаева. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 302 б

Электронды оқулықтар:

- 1.Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір.
Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е. , 2017 <https://aknurpress.kz/>
- 2.Мәдениеттану [Мәтін] : оқу құралы / [Т. Ғ. Ғабитов және т.б.] ; құраст. Т. Ғ. Ғабитов. - Алматы : Лантар Трейд, 2019. - 415, <https://elib.kaznu.kz/>.

3.11. Пәнді оқытудың түрлері мен әдістері:

Теориялық сабақтар – мәселелік, ақпараттық, әңгіме, дәріс-презентация, бинарлық. Аудиториямен кері байланыс дәріс тақырыптары бойынша білім алушылармен блиц-сауалнама, әңгіме, ауызша сұрау, тест тапсырмаларын шешу, тақырып сұрақтарын талқылау; шағын топпен жұмыс, пікірталас, ситуациялық тапсырмаларды шешу, презентация, карточкалармен жұмыс, дебат.

3.12.Білім алушылардың білімдері мен дағдыларын бағалау:

- ауызша сұрақ-жауап, презентация, рөлдік ойындар, мәтінмен жұмыс, жаттығу жұмыстары, эссе жазу.

Теориялық сабақтар: ауызша сұрау, әңгіме, пікірталас, презентация, шағын топпен жұмыс, жазбаша жұмыс;

Білімді бағалаудың критерийлері және ережелері:

Ағымдық бақылау: ауызша сұрақ жауап, тест жүйесінде жүргізіледі.

Аралық бақылау: тестілеу, ауызша сұрақ жауап 6 және 12 аптасында өткізіледі.

Қорытынды бақылау: Ауызша, тест.

Білім алу нәтижелерінің бағалануы пәннің бағдарламасына (силлабусқа) сай қойылған ағымды бағалар негізінде жүргізіледі.

Платонус бағдарламасымен автоматты түрде есептелген жіберілу рейтингі (ағымды және аралық бақылаулардың ортақ баллы) қорытынды бағасы ретінде алынады. Платонус, тест бойынша алынған диф.сынақ бағасын Платонус ААЖ-ға қояды.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-197	
Силлабус	12 беттің 9 беті	

Қорытынды бақылау: бағалы сынақ **тестік (ауызша, жазбаша)** нысанда жүргізіледі және білім алушы жоғарғы (мақ) 40 балл жинауы мүмкін.

Жалпы бағасы: ағымдық (рейтинг) (60%) + қорытынды (40%) мына төмендегі межелік бойынша қойылады:

Әріптік жүйемен бағалау	Баллдың сандық эквиваленті	Пайыздық өлшем	Дәстүрлі жүйемен бағалау
A	4,00	95-100%	Өте жақсы
A-	3,67	90-94%	
B+	3,33	85-89%	Жақсы
B	3,00	80-84%	
B-	2,67	75-79%	
C+	2,33	70-74%	Қанағаттанарлық
C	2,00	65-69%	
C-	1,67	60-64%	
D+	1,33	55-59%	
D	1,00	50-54%	Қанағаттанарлықсыз
F	0,00	0-49%	

3.12.1. Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

ОН №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
БҚ1.1	Өзін-өзі дамыту: оқуды ұзақ мерзімді жоспарлау, кәсіби өсу дағдыларын меңгерген.	Сабаққа дайындалмаған, ізденбегені үшін қойылады.	Сабақтың тақырыбын, мақсатын, мазмұнын білгені үшін қойылады.	Оқытылатын пәннің заңдылықтары мен негізгі фактілерін, даталарының хронологиялық реттілігін сипаттап бергені үшін қойылады.	Білім алушы оқытылатын пәннің заңдылықтары мен негізгі тарихи фактілерін өздігінен ізденіп, даталарының хронологиялық реттілігін ұғынып, ізденген білімі үшін қойылады.
БҚ1.2	Сыни ойлау және шешім қабылдау: мәселелерді және ықтимал шешу жолдарын анықтайды,	Алынған білімді қолданбағаны үшін.	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білгені үшін	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білу дағдыларын көрсеткені	Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білу дағдыларын көрсеткені және оқиғалардың ықтималдығын

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-197
Силлабус	12 беттің 10 беті

	гипотезаны тексереді және оқиғалардың ықтималдығын бағалайды, қортынды жасайды және негізделген шешімдерді қабылдайды.		бағаланады	және оқиғалардың ықтималдығын сипаттағаны үшін қойылады	бағалап қорытынды жасағаны үшін қойылады
БҚ 2.1	Қоғамдық өмір: қоғамдық өмірге белсенді қатысады. Коммуникативтік дағдылар:	Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданады, алай да алған білімін тиімді көрсете алмағаны үшін қойылады.	Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады. Іздеу және өңдеу барысында алынған ақпаратты басқа пайдаланушыларға жеткізе алады.	Топпен қарым-қатынас және өзара әрекеттесуді қамтамасыз еткені үшін, ана тілі мен басқада тілдік білімі үшін қойылады. Өзін-өзі үздіксіз дамытуға және дамуға қабілетті болғаны үшін, ақпараттарды талдап және қорытындылай білгені үшін қойылады.	Аудиториямен қарым-қатынас және өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін ана тілі мен басқада тілдік білімін көрсеткені үшін қойылады. Өзін-өзі үздіксіз дамытуға және дамуға қабілетті болғаны үшін, ақпараттарды талдап және қорытындылап, алынған ақпаратты басқа пайдаланушыларға жеткізе алғаны үшін қойылады.
БҚ 3.1	жағдайды ескеріп отырып, әртүрлі адамдармен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді. Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады				

Аралық бақылауды бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Жазбаша ауызша, тест	Өте жақсы А (4,0; 95-100%); А- (3,67; 90-94%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде ешқандай қателіктерді жібермеген жағдайда қойылады. Оқылатын пән бойынша теорияларға, тұжырымдамаларға және бағыттарға сүйенеді және оларға сыни бағасын береді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданады.
	Жақсы В+ (3,33; 85-89%);	Егер білім алушы жауап беру кезінде өрескел қателіктер жібермесе, нақты емес немесе білім алушы

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-197
Силлабус	12 беттің 11 беті

	B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	өздері түзеген қателер жіберсе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады.
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты емес қателер жібергенде, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттермен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға кездескен жағдайда қойылады.
	Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жіберсе, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, өрескел және логикалық қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады.

Бағалы сынақты бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Тест, ауызша	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Білім алушы жауап беру кезінде негізгі қағидаларды өз бетінше нақты мысалдар, фактілермен жауабын растап, және негізделген түрде талдап, жинақтап, қорытындылай алғанда еш қателік жібермегенде қойылады. Оқу материалын жүйелі, нық, байланысты, негізделген түрде және қатесіз түсіндіреді, берілген терминология мен хронологияны пайдалана отырып логикалық жүйелілікте береді; өзінің дербес тұжырымын жасайды. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 86-100% береді.
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	Білім алушы жауап беру кезінде бағдарламалық материалдар бойынша нақты қателіктер жібермесе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады. Түсініктерді айқындауда, ғылыми терминдерді пайдалануда, тұжырымдар және жиынтықтарда елеусіз қателер мен кемшіліктер жібереді. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 75-85% береді.
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Білім алушы жауап беру кезінде нақты қателер жібергенде, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттермен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға кездескен жағдайда қойылады. Оқу материалының негізгі мазмұнын игерген, алайда кейбір жерлерін түсінбеген; материалдың мазмұнын айтуы жүйесіз, үзік-үзік және ретсіз. Ғылыми терминологияны пайдалануда қателіктер мен дәлелсіздіктер жібереді. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50-74% береді.

OÑTÜSTİK-QAZAQSTAN

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

044-73/11-197

Силлабус

12 беттің 12 беті

Қанағаттанарлықсыз
F (0; 0-49%)

Білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жіберсе, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, материал мазмұнын игермеген, қорытындылап, жинақтай алмай қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады. Қойылған сұрақтар шегінде бағдарламалық материалдың маңызды немесе негізгі бөлігін білмейді және түсінбейді.
Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50% кем береді .